

НЕМІС ГЕОСАЯСАТЫ МЕКТЕБІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ К. ХАУСХОФЕРДІҢ ГЕОСАЯСИ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ

Аймахов Е.Н., аға оқытушы, тарих магистры
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Атақты неміс геосаясаткер-ғалымы Карл Хаусхофердың өмірі мен ғылыми мұрасы классикалық геосаясаттың тарихи дамуында ең қарама-қайшылықты мәселелердің бірі болып табылады, себебі ғалымның геосаяси концепцияларында Германияны дәріптеу мәселесі жетекші орын алуына және кейінгі уақытта неміс национал-социалистердің ықпалына байланысты, көптеген көзқарастарының субъективтілігіне жетеледі. Ал ХХ ғ. екінші жартысында геосаясаттың объективті ғылым ретінде рөлінің төмендеуіне, неміс геосаяси мектебінің сыналуына үлес қосқан Хаусхофер тұлғасына қатысты мәселелер қазіргі таңда да түпкілікті шешімін тапқан жоқ. Сондықтан осы мақаланы жазуда қойылатын басты мақсат неміс геосаясаткер-ғалымының концепцияларын сараптау арқылы геосаясатқа қосқан үлесін әрі ғылыми қызметінің жеке тағдырына қатерлі әсерін анықтау болып табылады.

Карл Хаусхофер 1869 ж. 27 қыркүйекте Мюнхен қ. профессор отбасында дүниеге келген [1, 2]. Бастапқы кезде ол кәсіби әскери қызметкер болуға шешім қабылдап, армияда 20-дан астам жыл қызмет атқарады. 1908 – 1910 жж. аралығында германдық әскери атташе ретінде Жапония мен Манчжурияда қызмет етті. 1914 – 1918 жж. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, далалық артиллериялық бригаданы басқарды. 1924 – 1944 жж. Э. Обст, О. Маулль, Г. Лаутензахпен бірге, бастапқыда «Geopolitik», кейіннен "Zeitschrift für Geopolitik" атты көрнекті геосаяси журналды шығарды, онда ғалымның басты еңбектері жарияланды. Барлығы дерлік, Хаусхофердың, көбінесе геосаясат мәселелері бойынша, 400-ге жуық кітаптары мен мақалалары жарыққа шықты [2, 76]. Хаусхофердың және оның Мюнхендегі Геосаясат институтындағы әріптестерінің геосаяси құрылымдарының басты шабыты Германияның әлемдік үстемдікке деген талаптарын негіздеуге арналған дәлелдерді қалыптастыру болды. Өзінің шығармашылығымен Хаусхофер, А. Мэхэн және Х. Маккиндер тарапынан негізі қаланған дәстүрді аяқтады, оның мәні географиялық детерминизм мен күш саясатының органикалық бірігуіне талпыныс жасауды қамтыды. Осылайша, Хаусхофердың геосаясатқа байланысты анықтамасына сәйкес: «Геосаясат ең кең мағынада түсінілетін жерге, соның ішінде тек имперлік шекаралар шегінде орналасқан жерге емес, сонымен қатар кең мағынадағы халықтың бірлігі мен мәдениетінің ортақтығы мәніндегі жерге деген құқықтарды негіздеуге қызмет етеді». Ал «Геосаясат негіздері» атты еңбегінде, ғалым адамзат тарихын «өмірлік кеңістік үшін күрес» ретінде қарастырды және де онда «геосаясаттың негіздерін» анықтады [3, 116]. Жалпы тұрғыда, геосаясаттың негізін қалаушылардың әрі дәстүрлі бағыттың өкілдерінің бірі ретінде К. Хаусхофер геосаясаттың сипатын және де негізін айқындауда Германияның ұлттық мүдделеріне сүйенгендігін байқауға болады. Ал ғалымның геосаяси доктринасының құрамдас бөліктері болып табылатын теориялары жан-жақты түрде мемлекеттің геосаяси әлеуетін ашуға арналды.

Осыған байланысты, Хаусхофер геосаяси доктринасының негізінде орталық орынды «германдық жағдай» (*conditio Germaniae*) иеленді, яғни ғалым Германияның еуропалық және әлемдік державалар жүйесіндегі орнын анықтауға талпынды. Бұл, бірінші кезекте, Германиядағы шекаралар мен өмірлік кеңістік туралы мәселелердің өзекті болып қалуымен байланысты еді. «Өмірлік кеңістік» және «кеңістік күш факторы ретінде» секілді ратцельдік түсініктерге сәйкес, Германияның негізгі экономикалық және саяси мәселелері Бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде берілген және Версаль келісімшартында бекітілген әділетсіз және тар шекаралармен түсіндірілді [4, 122]. Әсіресе, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Германияның жеңілісін дәріптеген Версаль жүйесінің жойылуын болжай отыра, ғалым «геосаяси құрылым мен кеңістікке билік жүргізудің жаңа бөлінісі кезеңі Бірінші дүниежүзілік соғыспен аяқталған жоқ, тек енді басталды» деп есептеді. Оның пікірі

бойынша, Версаль жүйесі мемлекеттер арасындағы орын алған қарама-қайшылықтарды әлсірете немесе жоя алмады, керісінше күшейткен болатын. Сол себепті ол неміс халқының геосаяси тәрбиеленуі бағдарламасын дамытты, яғни кең әрі үлкен шығындардан кейінгі халықтың барша энергиясын өмірлік кеңістікті иеленуге бағыттау үшін Германияның қалың бұқара топтардың иеленетін кеңістіктің жеткіліксіздігі туралы айқын түсінігі бар болуы қажет деп санады [3, 107].

Хаусхофер геосаяси концепциясының негізін Қиыр Шығыс мемлекеттерінің, соның ішінде Жапонияның қалыптасу тарихы мен географиялық таралуын зерттеу құрды. Ғалым Жапония мысалында мемлекеттің кеңістік өсімі мен оның этникалық тұтастығын құраушының дамуы арасындағы өзара байланысты айқындауға талпынды. Осы мәселеге қатысты, ғалымның «Жапондық империя оның географиялық дамуында», «Тынық мұхит геосаясаты», «Панидеялар геосаясаты», «Әлемдік саясат бүгін» және т.б. еңбектері жарыққа шықты. Сонымен қатар Ратцель, Челлен, Мэхэн және басқа геосаясаткерлердің еңбектерін зерттей келе, Хаусхофер «теңіз күштерінің» «құрлықтық күштерге» қарсылығы немесе талассократияның («теңіз арқылы билік») теллуократияға («жер арқылы билік») қарсылығы көрініс табатын планетарлық дуализмді халықаралық саясаттың негізгі мәселелерін ашатын тұжырым ретінде қарастырды [3, 111-112]. Бұл дәстүрлі түсініктемелер ғалымның геосаяси теорияларына шешуші ықпал етті әрі Германияның геосаяси бағыттамасын анықтауында негізгі орынды иеленді. Алайда бұл мәселелер бастапқы кезеңде тек теориялық тұрғыдан қарастырылды.

Ғалымның шығармашылық мұрасына қатысты қарама-қайшылықтарды тудырған басты себептердің бірі нацистік режиммен тығыз байланыста болуында еді [4, 120]. Осындай байланыстарға алғышарттарды Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Веймар республикасында орын алған күрделі жағдай қалыптастырды, әсіресе, Германия халқының «аса тығыздығы» туралы көзқарастар кеңейді. Нәтижесінде, К. Хаусхофер «өмірлік кеңістік теориясын» келесі мәнде сипаттады: «Егер бізде кедейленген солтүстік альпілік аймақта 1 ш. км-де 130 адам тұратын болса, отарларға бай өзге мемлекеттерде, құнарлығы жағынан жоғары болатын осындай кеңістікте 7, 9, 15, 23, 25 адам өмір сүреді». Оның пікіріне сәйкес, халықтың тығыздығы мәселесі халықты Екінші дүниежүзілік соғысқа психологиялық дайындауда маңызды факторлардың бірі болып табылды. Осылайша, әлсіреген Германияда Хаусхофер өзіндік геосаяси идеяларын іске асыра алатын басты күш ретінде нацистерді есептеді және де олардың «әлемдікке үстемдік ету жоспарларына» қызмет етті [3, 107-108]. Ол Гесспен жақын қарым-қатынастарда, Риббентроп, Геббельс, Гиммлермен және сирек кезде Гитлермен байланыста болды. Кейбір деректерге сәйкес, Хаусхофер Гесспен бірге «Майн Кампф» еңбегін жазуға қатысты [4, 120]. Гитлердің бұл еңбегінде геосаясатты фашистік расалық теориямен қатар нацистердің ресми доктринасы деп жариялағанын да атап өту қажет [3, 109]. Осыған сәйкес, ғалымның көзқарастарының біртіндеп өзгеріске ұшыра бастауы, тікелей түрде, нацистік режимнің басшыларының ықпалымен байланысты еді, ал 1933 ж. Гитлердің билік басына келуімен, ғалымның ғылыми теориялары тек национал-социалистердің әрекеттерін теориялық негіздеуге арналды.

Ғылыми доктринасында Карл Хаусхофер социал-дарвинизм концепциясын ұстанды және геосаясатты мемлекеттің санасы деп санады. Геосаясаттың негізін қалаушылардың (Р. Челлен, Ф. Ратцель, Х. Маккиндер, А. Мэхэн) теорияларына негізделе отырып, ғалым мемлекеттің орналасуы мен территориялық сипаттамалары оның саяси күшінің басты көрсеткіштері болып табылады деген көзқарасты ұстанды. Хаусхофер теориясында негізгі ұғымдар қатарына «қан мен жер» (Blut und Boden), «кеңістік пен орналасу» (Raum und Lage), «күш пен кеңістік» (Macht und Raum), «өмірлік кеңістік» (Lebensraum) жатқызылды. Мемлекеттің басты қозғаушы күші ретінде өмірлік кеңістікті кеңейту мен қамтамасыз ету деп есептеді. Оның айтуы бойынша, белсенді мемлекет өмірлік кеңістігін кеңейте отырып, өзіне зор экономикалық автаркияны немесе көршілерінен тәуелсіздікті қамтамасыз етеді. Осындай бостандыққа ие болу нағыз ұлы державаның көрсеткіші деп қарастырылды. Державаның территориялық кеңеюінің маңызды жолы ретінде, ол кішігірім мемлекеттерді

жаулап алу үрдісін айқындады [4, 121-122]. Хаусхофер пікіріне сәйкес, XX ғ. «бос» территориялар сақталған жоқ. Сол себепті «абсолютті шекаралар жерде де, теңізде де, полярлы ландшафттардың мұзды шөлдерінде де жоқ. Планетада «no man's land», яғни «ешкімнің жері» сақталмаған» [5, 56]. Осы мәселелерді қарастыру арқылы К. Хаусхофер жасайтын қорытындысы бойынша, Drang nach Osten бірден-бір доктрина болып табылады және Lebensraum – ды Шығыста іздеу керек [4, 122]. Сонымен бірге ғалымның осындай көзқарастарының геосаяси логикадан туындайтынын атап өту қажет, себебі дәстүрлі тұрғыда әрбір мемлекет үшін территорияның ерекше маңыздылығын дәріптей отыра, Хаусхофер Германияның державаға айналу жолындағы дұрыс бағыттамасын анықтауға талпынды.

Хаусхофер және оның серіктестерінің (О. Обет, О. Маулль, К. Вовинкель) «құрлықтық блок» теориясы «өмірлік кеңістік» туралы ратцельдік материализм идеясына негізделді. Ғалымның пікіріне сәйкес, Ұлыбритания және кіші теңіз елдерінің күш-қуатының құлауымен байланысты, күштердің жаһандық тепе-теңдігінің ығыстырылу уақыты орын алады. Теңіз державаларының үстемдік ету кезеңі аяқталып, оның орнына шешуші геосаяси артықшылықтарға ие болатын құрлықтық мемлекеттердің жетекшілігі қалыптасады. Осыған байланысты, ғалымның мемлекеттің теңіз күш-қуатын кеміткенін атап өтуге болмайды, керісінше, Хаусхофер теңізді қорғаныс пен шекараларды кеңейтудің құралы деп санады. Орталық Еуропаны Германияның қорғаны ретінде есептеп, Хаусхофер германдық территориалдық экспансияның басты бағыты ретінде шығысты анықтады. «Шығысқа жорықтың» өз үлгісін айқындай отыра, ғалым шығысты Германияға тағдырмен сыйға берілген өмірлік кеңістік деп есептеді. Хаусхофер үлгісі бойынша, Ұлыбритания мен кішігірім теңіз державалардың әлсіреуі, Германия жетекші орын иеленетін, жаңа еуропалық тәртіп құруға жағымды алғышарттар қалыптастырды [4, 122]. Осыған байланысты, Хаусхофердың құрлықтық блок түсінігі Берлин – Мәскеу – Токио өзегі бойынша жүргізілді, себебі Германия Еуропада «ортаңғы орынды» иеленетініне байланысты, табиғи тұрғыдан ол батыс, теңіз державалардың – Англия, Франция, болашақта АҚШ-тың қарсыласы ретінде есептелді. Әсіресе, соғыстан кейінгі кезеңде Германияның «сыртқы жарты ай» державаларымен одақ құруы мүмкін емес еді, Англия мен Францияда территориялық мәселелерге қатысты тарихи талаптар сақталды. Ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, бұл факторлар ұлттық Ұлы Германияның батыс әрі англосаксондық әлемге геосаяси тұрғыдан қарсы тұруы қажеттілігін анықтауда шешуші рөл атқарды.

Хаусхофер «Құрлықтық блок» атты мақаласында: «Еуразияның екі ең ірі халқы – немістер мен орыстар – Қырым соғысы немесе 1914 жыл секілді өзара қақтығыстарды барынша болдырмауға талпынғанша, оны тұншықтыруға болмайды: бұл еуропалық саясаттың аксиомасы», - деп жазған еді. Осылайша, Хаусхофердың теориясындағы «шығысқа ашықтық» ұғымы «славяндық жерлердің оккупациясын» білдірген жоқ, керісінше, Ресей мен Германия екі құрлықтық держава ретінде «Жаңа Еуразиялық тәртіпті» және де «теңіз күшінің» ықпалынан шығару мақсатында Әлемдік Аралдың құрлықтық кеңістігін қайта құруы тиіс еді. Ғалымның жоспары бойынша, неміс кеңістігінің кеңеюі орыс жерлерін отарлау арқылы емес, ірі игерілмеген азиялық кеңістіктерді және Шығыс Еуропаның жерлерін қайта ұйымдастыру арқылы іске асырылуы міндеттелді. Алайда Мәскеумен құрлықтық блокты құру қажеттілігін айқындаған Хаусхофердың геосаяси логикасы неміс ұлттық сана-сезімінің өзге қасиеттерімен сәйкес келмеді, себебі А. Гитлердің ұстанған бағыттамасында ең маңызды фактор ретінде расалық жақындық көрініс тапты. Осыған сәйкес, Англия, АҚШ секілді англосаксондық халықтар немістердің басты одақтастары, ал славян халықтары олардың расалық қарсыластары болып саналды, яғни национал-социалистік расизм геосаясатпен тікелей қарама-қайшылықта еді. Германияның саясаты расизм және антикоммунизммен ақталған талассократия (антиславяндық көзқарас, КСРО-ға шабуыл, католиктік Хорватияның Балқан т. экспансиясын қолдау және т.б.) мен тек геосаяси ұстанымдарға негізделген еуразиялық теллуократия (Англия және Франциямен соғыс, Риббентроп-Молотов пактісі және т.б.) арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталды. Дегенмен Хаусхофер геосаяси доктринасында Германия мен Ресей еуропалық одақтың негізі

болып есептелін, кейіннен трансқұрлықтық блоктың құрамына Қытай мен Жапонияны қосу қарастырылды [3, 112-115]. Осындай тәртіп, өз кезегінде, жаңа әлемдік жүйенің негізі болуы тиіс еді, ал жүйе кеңістік үшін күресте өркениеттер мен халықтар тарапынан тұжырымдалған көріністер – панидеяларға негізделді. Олардың арасында Хаусхофер панамерикандық, паназиаттық, панорыстық, пантынықмұхиттық, панисламдық және панеуропалық түрлерін атады. Хаусхофер пікіріне сәйкес, панидеялар «сезікті түрде іске асырылуға, ал кейін кеңістікте дамуға талпына отырып, жер жазықтарында шынайы құбылыстарға айналатын» түгел халықтарды қамтиды.

Құрлықтық блок (немесе еуропалық «бауырмал халықтар») идеясы 1941 ж. дейін біраз уақыт ерте дамып қалыптасты және бірнеше даму кезеңдерін өткерді. Оның сипаты жиі өзгеріске ұшырап отырды, әр түрлі доктриналық негіздемелерге сүйенді және саяси жағдаяттың ықпалымен әрі нацистік режимнің әлеуметтік тапсырысымен түсіндірілді. Сонымен қатар Хаусхофер геосаясаты нацистік режим тарапынан үгіт-насихат жүргізу үшін қолданылған болатын. Алайда егер 1938 ж. күзіне дейін Гитлер Хаусхофер идеяларын ұстанса, кейіннен ғалым дамытқан негіздерден бас тартады [4, 120-123]. Осылайша, бастапқыда ғалымның геосаяси көзқарастарына қолдау көрсеткен нацистік режим расистік және еуразиялық ұстанымдар арасындағы қарама-қайшылықтарды ескере отырып, этникалық факторға басымдық танытты. Нәтижесінде, Хаусхофер тарапынан дамытылған Берлин – Мәскеу – Токио геосаяси өзегі, барлық әлемге танылған Берлин – Рим – Токио өзегімен алмастырылды. Бұл ғалымның көзқарасына сәйкес, Германияның сыртқы саясатындағы үлкен қателіктердің бірі болып табылды. Ал кейінгі уақытта Германияның КСРО-ға шабуыл жасауға шешім қабылдауы, К. Хаусхофер тарапынан көп мәнде сыналды және де ғалымның нацистік режиммен байланыстарының дамуындағы бетбұрыс кезең болып есептелді. Бұл мәселеге байланысты, ғалымның жасаған болжамдары, шын мәнінде, көреген болғандығы жөнінде де осы күнге дейін әр түрлі пікірлер пайда болуда.

Жалпы, Хаусхофер еңбектерінде Үшінші рейхтың агрессивті сыртқы саясатының негізделуі мен ақталуы көрініс табуына байланысты, геосаясаттың объективті ғылым ретінде қарастырылуына күмән туындады. Ал өмірінің соңында, неміс нацисттерімен байланыстардан алыстаған ғалым көп жылдық ғылыми мұрасын ақтауға, геосаясаттың объективтілігін дәлелдеуге талпынғандықтан, Джорджтаун университеті (АҚШ) жанындағы дипломатиялық колледждің басшысы, профессор Э. Уолштың кеңесі бойынша, Хаусхофер «Неміс геосаясатының апологиясы» («Апология немецкой геополитики») атты еңбегін жазған. Бұл шара, бірінші кезекте, осы ғылымның әлемдік қауымдастық алдындағы беделін сақтап қалуға бағытталды. Аталған еңбекте ғалымның шығарған ұстанымына сәйкес, геосаясаттың негізгі мақсаты «халық пен оның мәдениетінің өз жерінде және өзінің өмірлік кеңістігі шеңберінде даму мүмкіндіктерін түсіну арқылы келешектегі қақтығыстардың алдын-алуға мүмкіндікті иелену».

Сонымен бірге, «Неміс геосаясатының апологиясы» еңбегінде Хаусхофер геосаяси теориялардың Үшінші рейхтың басшылығы мен нацизм идеологтары тарапынан бұрмаланғанын дәлелдеуге талпынды, себебі Гитлер «жете оқымаған еді және Гесс (Хаусхофер оқушыларының бірі) хабарлаған геосаясат қағидаларын дұрыс түсінуге қабілетсіз болды». Қорытындысында ғалым 1933 жылдан кейінгі барлық еңбектерінің нацистер қысымымен жазылғандығын тұжырымдады [4, 121].

1944 ж. 20 шілдедегі Гитлерді өлтіру мен мемлекеттік төңкерісті ұйымдастыру мақсатын көздеген қастандыққа қатысқан ғалымның ұлы Альбрехт Хаусхофер биліктегілерден жасырынады, бірақ 1944 ж. 7 желтоқсанда Баварияда ұсталып, нәтижесінде ол өлім жазасына кесілді, ал отбасы қуғынға ұшырады. Сол кездегі қарт профессор Карл Хаусхофер сегіз айға Дахау концентрацияланған лагеріне жабылған. 1945 ж. босанғаннан кейін, ол Мюнхенге қайтады [6]. Көпшілік алдындағы өкінуі мен «Неміс геосаясатының апологиясы» еңбегінің 1946 ж. кең таралуына қарамастан, Нюрнберг үрдісінің адвокаттарының бірі А. Зейль Хаусхоферды куәгер ретінде жауап алуға шақыруды ұсынды. Фашисттердің билікке келуінен кейін ол биліктің нацистік иерархиясында жоғарғы

лауазымдарды иеленгені жөніндегі мәліметтердің айқындалатынынан сескенген Хаусхофер өз әйелі Мартамен бірге, 1946 ж. 10 наурызда өз-өзіне қол жұмсайды [4, 121]. Ғалым өмірінің соңында орын алған оқиғалар, бірінші кезекте, ғылыми ізденістеріне нацистік режимнің кері ықпалының салдарларын анықтайды. Өсіресе, елінің тағдырына көп мән берген ғалымның бұрыс шешімдерді қабылдап, мораль құндылықтарын ескермеуі соңында өзіне қарсы бағытталды. Қазіргі таңда ғалымның өмірі мен өліміне қатысты туындайтын көптеген мәселелердің әр түрлі өмірбаяншылар тарапынан зерттелуінің басты себептерінің бірі де ғалым және оның отбасының қайғылы тағдырымен байланысты.

Қорытындылай келе, ғалымның геосаясат ғылымында сіңірген еңбегінің әр түрлі себептермен бұрмаланғанын байқауға болады. Шын мәнінде, Германияның ұлттық мүдделері тұрғысынан дамытылған геосаяси концепциялар, кейінгі уақытта нацистік режимнің ықпалымен өзгеріске ұшыра бастауының салдарынан ғалымның қасіретті тағдырына алғышарттар қалыптастыра бастады. Географиялық детерминизм ұстанымдарына сүйенген, дәстүрлі геосаясаттың айқын өкілдерінің бірі болып табылатын Карл Хаусхофердың геосаяси доктринасының құрамына кірген теориялар тек бір қағида негізінде дамытылғанына қарамастан, жан-жақтылығымен әрі геосаяси толыққандылығымен сипатталды. «Өмірлік кеңістік» секілді тұрғылықты ұғымдарды қолдана отыра, ғалым Германияның территориалдық талаптарын теориялық түрде дәлелдеуге мақсат қойды. Ал Хаусхофердың геосаяси болжамдары мен жоспарларының іс жүзінде орындалмауы, бұл мәселелерге қатысты геосаясаткерлердің көптеген көзқарастарының пайда болуына мүмкіндік туғызады. Ең бастысы, Карл Хаусхофер өз қызметіне ерекше адал тұлға еді әрі өмір соңына дейін ғылыми мұрасын сақтауға талпынды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Васильченко А.В. Сумрачный гений III рейха. Карл Хаусхофер. Человек, стоявший за Гитлером. – Москва: Вече. – 320 с.
2. Нартов Н.А. Геополитика: учебник для студентов вузов /Н.А. Нартов, В.Н. Нартов; под ред. В.И. Старовойтова. – Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. – 527 с.
3. Тихонравов Ю.В. Геополитика: учебное пособие. – Москва: ИНФРА-М, 2000. – 269 с.
4. Мухаев Р.Т. Геополитика: учебник для студентов вузов. – Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. – 623 с.
5. Лин фон П. Все тайны Третьего Рейха. – Санкт-Петербург: АСТ Астрель-СПб, 2010. – 509 с.
6. https://ru.wikipedia.org/wiki/Хаусхофер,_Карл [19.02.2016]

ОПЫТЫ НАД ЧЕЛОВЕЧЕСТВОМ: КОНВЕЙЕР СМЕРТИ 731

Зуева Л.И., к.и.н, доцент

Карагандинский университет им. Е.А.Букегова

г. Караганда, Казахстан

В Японии не было фашизма, все фашисты были уничтожены по приказу императора, не было и диктатуры, характерной для фашистских государств, но император отдал приказ о создании самого жуткого секретного центра, где работали такие же, как знаменитый фашистский доктор Менгеле, врачи-убийцы, которые после войны продолжили свою профессиональную деятельность в медицинских центрах и больницах в разных странах и Японии. Врачи, с измененным сознанием, отработывавшие свои медицинские навыки на живых людях, проводя жуткие эксперименты по обморожению, вскрытию живых и изъятию органов, крови, мозга, воздействию на человеческий организм высокого давления и температуры, ядов и газов, по их заражению оспой, тифом, сифилисом, чумой и другими болезнями.